



Published on *Информационно-Аналитический центр* (<http://iac.kz>)

[Home](#) > Сабақ беру мен оқытудың халықаралық TALIS-2018 зерттеуі

TALIS ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

TALIS – білім беру ортасын және мұғалімдердің жұмыс жағдайын зерттейтін ЭЫДҰ-ның алғашқы халықаралық зерттеуі. Осы зерттеу мектеп директорлары мен мұғалімдеріне білім беру саясатын құру және талдау жұмысына қатысуға мүмкіндік береді. Халықаралық деректерді талдаудың арқасында әрбір қатысушы мемлекет өз кезіккен қиындықтардың басқа елдерде қалай шешілетіні (реформалар, т.б.) жөнінде түйінді мағлұмат алады.

2016

ҚҰРАЛДЫҢ ПИЛОТЫ

2017

30 МЕКТЕПТІҢ 600 МҰҒАЛІМІ АРАСЫНДА ӨТЕТІН АПРОБАЦИЯ

2018

333 МЕКТЕПТІҢ 6660 МҰҒАЛІМІ АРАСЫНДА ӨТЕТІН НЕГІЗГІ ЗЕРТТЕУ

2019

TALIS-2018 НӘТИЖЕСІНДЕ ЖАРИЯЛАНАТЫН ЭЫДҰ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕСЕБІ

TALIS-2013 НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙынША МӘЛІМ БОЛДЫ:

20%

САБАҚТЫН УАҚЫТЫН МҰҒАЛІМДЕР ТӘРТІПТІ САҚТАУҒА ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ҚҰЖАТТАРДЫ ТОЛТЫРУҒА ЖҰМСАЙДЫ

41%

ӘКІМШІЛІК ЖҰМЫСҚА ЖҰМСАЛАТЫН ДИРЕКТОР УАҚЫТЫНЫҢ ҮЛЕСІ

30%

«ЖҰРТШЫЛЫҚ МҰҒАЛІМ МАМАНДЫҒЫН ҚҰРМЕТТЕЙДІ», - ДЕП ОЙЛАЙТЫН МҰҒАЛІМДЕР ҮЛЕСІ

38сағ

ОРТАША АЛҒАНДА МҰҒАЛІМ ЖҰМЫС АПТАСЫНЫҢ ҰЗАҚТЫҒЫ

TALIS-2018 САУАЛНАМА СУРАҚТАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ОҚЫТУ ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕРІ

МЕКТЕПТІ БАСҚАРУ

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІ

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ДАМУЫ ЖӘНЕ КЕРІ БАЙЛАНЫС

МЕКТЕП АХУАЛЫ

ЖҰМЫСПЕН ҚАНАҒАТТАНУ


МУДДЕЛІ ТҮЛҒАЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖӘНЕ КАДРЛЫҚ СУРАҚТАРДЫ ШЕШУ

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ӨЗ ДАҒДЫЛАРЫНА ДЕГЕН СЕНІМІ

КӨПУЛТТЫҚ ОРТАДА ОҚЫТУ

СУРАҚ-ЖАУАП

- **TALIS-2018 негізгі зерттеуі қашан өтеді?**
Негізгі зерттеудің өткізілуі 2018 жылдың наурыз-сауірінде жоспарланған.
- **TALIS-2018 негізгі зерттеуіне кім қатысады?**
TALIS-2018 зерттеуінде ҚР 16 аймағындағы 333 мектеп директорлары мен мұғалімдері қатысады.
- **TALIS-2018 зерттеуі қалай өткізілетін болады?**
Зерттеу мектеп директорлары мен мұғалімдерін сауалнамалау арқылы жүргізіледі. Директорлар мен мұғалімдердің қатысуы олардың арнайы дайындығын талап етпейді.
- **Сауалнаманы толтыруға қанша уақыт қажет?**
Мұғалімдер мен мектеп директорлары сауалнаманы толтыруға шамамен 45-60 минут жұмсайды.
- **Мен – TALIS зерттеуіне қатысушы мұғаліммін. Менің берген жауаптарым құпия сақтала ма?**
TALIS нәтижесі мектеп, мұғалім бойынша емес, ел бойынша пайымдалатындықтан, қатысушы ешбір есепте мұғалім, директор не мектеп аталмайды.
- **Зерттеу нәтижесін білуге мүмкіндік бар ма?**
2019 жылдың маусым айында TALIS-2018 зерттеуінің нәтижесі бойынша халықаралық есеп жарияланады.



24 мемлекет 2008 ж. қатысты

34 мемлекет 2013 ж. қатысты

46 мемлекет 2018 ж. қатысты

КӨПТЕГЕН ЕЛДЕРДЕ TALIS-2013 НӘТИЖЕЛЕРІ БІЛІМ БЕРУ САЯСАТЫН ЖАҢҒЫРТУ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАДЫ



Шанхайда мұғалімнің орташа жалақысын 10%-ға өсірді. Осы шешім мұғалімдердің өз жұмысымен қанағаттану және өз дағдыларына сенім деңгейлері төмен екені анықталғаннан соң қабылданды.



Жапонияда зерттеу TALIS-шоқ себепкері болды. TALIS нәтижелері мұғалімдер талпылығын және қосымша мұғалімдерді жұмысқа алу қажеттілігін дәлелдеуге үлесін қосты.



Англияда зерттеу нәтижелері мұғалім жүктемесі туралы жан-жақты пікір алмасуды тудырды. 2015 жылғы 1 қыркүйектен бастап бұрынғы тексеріс нәтижесінде «жақсы» болып бағаланған мектептер үшін бір күндік, үш жылда бір рет өтетін «қысқаша инспекциялар» енгізілген.

Links

[1]

<http://iac.kz/kk/flag/flag/bookmarks/6209?destination=printpdf/6209&token=1c7ca6aac5b399a1f6d9bfb17d8fb73b>